

2025 жылдың 8-17 қаңтар аралығында Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінде "Денсаулық" спартакиадасы өткізілді.

Спартакиаданың басты мақсаты – салауатты өмір салтын насихаттау, спорт түрлерін дамыту және оқытушы-профессорлар мен қызметкерлер арасындағы ынтымақтастықты нығайту болды.

Шараға университеттің оқытушы-профессорлар құрамы мен қызметкерлері қатысып, 6 спорт түрінен бақ сынады. Филология факультетінің қатысушылары "Шахмат" және "Үстел теннисі" сайыстарында жоғары нәтижеге қол жеткізіп, жүлделі II орынға ие болды.

Дәстүрлі спартакиаданың ұйымдастырушыларына шынайы алғысымызды білдіреміз. Алда әлі де талай жеңісті күндеріміз көп болсын!





